

**2010 жылғы ауданның ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік қолдау ұсыну туралы**

***Күшін жойған***

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2010 жылғы 14 мамырдағы № 262 шешімі. Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 1 маусымда № 9-19-133 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2013 жылғы 17 сәуірдегі № 77 хатымен)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 17.04.2013 № 77 хатымен).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабы 1 тармағы 15) тармақшасына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 7 бабы 3 тармағы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы қаулысымен бекітілген ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну Ережесінің 2 тармағына сәйкес Ұзынкөл аудандық мәслихаты

**ШЕШТІ:**

1. 2010 жылғы ауданның ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорттың мамандарына:

- 1) жетпіс есептік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;
- 2) тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік қолдау-алты жүз отыз есептік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит ұсынылсын.

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кезектен тыс сессиясының төрағасы*

*С. Курманбаев*

*Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*В. Вербовой*

**КЕЛІСІЛДІ**

**"Ұзынкөл ауданының ауыл шаруашылық бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің бастығы**

----- К. Аскаров  
2010 жылғы 14 мамыр  
"Ұзынкөл ауданының қаржы бөлімі  
мемлекеттік мекемесінің" бастығы  
----- А. Сарсенова  
2010 жылғы 14 мамыр  
"Ұзынкөл ауданының экономика  
және бюджеттік жоспарлау бөлімі  
мемлекеттік мекемесінің бастығы"  
----- Н. Абдрахманова  
2010 жылғы 14 мамыр